

ISSN 1999-4214 (print)  
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

**ВЕСТНИК**

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

**BULLETIN**

OF THE EURASIAN  
HUMANITIES  
INSTITUTE

№4/2024

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD)

#### Редакция алқасы

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабекұлы Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
<b>Сенмез О.Ф.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Туркия

**Редакцияның мекенжайы:** 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.  
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»  
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Басуға 24.12.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.  
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89  
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова  
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова

#### Редакционная коллегия

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабекулы Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курсыжан Л.А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
<b>Сенмез О.Ф.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

**Адрес редакции:** 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.  
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».  
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Подписано в печать 24.12.2024 ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. Типопр.  
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89  
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

#### Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

**Editorial address:** 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

**Tel/Fax:** (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 24.12.2024 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS

АКИЖАНОВА Д.М., ОМАРОВА А.С., ЧЕШМЕДИЕВА-СТОЙЧЕВА Д.С.	Вопросы межъязыковой передачи топонимов Республики Казахстан	7
АҚЖІПТОВА А.О., САЛҚЫНБАЙ А.Б., СӘРСЕНБАЙ Ж.А.	Абай өлеңдеріндегі окказионалды субстантиваттар	18
АУБАКИРОВА А.Е., ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш., ЖУАНЫШПАЕВА С.Ж.	Новые термины на казахском языке: история и опыт	32
ӘЛІСЖАН С.Қ.	Термин қалыптастырудың өзекті мәселелері	44
БЕКЕНОВА Г.Ш.	Тұрақты тіркестердегі «төрт түлік мал» концептісі	53
ДАВЛЕТОВА С.Е., БИЖКЕНОВА А.Е.	Вернакулярлық контенттерді жер атауларында қолдану және оның тілдік-танымдық ерекшеліктері	61
ДОЛДИНОВ С.А. ЖУСУПОВА Г.М. ВЕРБА Е.А.	Аргументация и убедительная речь в политике Казахстана	76
ЖАКУПОВ Ж.А., ТҮЙЛЕБАЕВА Қ.Б.	Сөз семасиологиясындағы синергетика	88
ИБРАЕВА М.Б.	Постсубмәдениет өкілдерінің тілдік бейнесі	98
ISKAKOVA G.ZH., RYSPAYEVAD S.	Language and emotions: emotional lexicon in a literary text (based on the works of A. Kekilbayev, Ch. Aitmatov)	107
ИСПАНДИЯРОВА А.Т.	Қазақ халық лирикасындағы когнитивті метафораның семантикалық сипаты	121
SAGIDOLDA G., RAINBEKOVA G.S.	On lexicography of antonyms in the kazakh language	130
ТҮРҒАНБАЕВА Қ.М., САРЕКЕНОВА Қ.Қ.	Қазақ-түрік тілдеріндегі баланың дүниеге келуіне қатысты фразеологизмдердің этнографиялық сипаты	138
УРАЗАЕВА Қ.Б., ЖАРҚЫНБЕКОВА Ш.Қ., ЕРІК Г.	Языковая личность бия и эффективная коммуникация	147

### ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES

АБДРАСИЛ Н.С., ЖАПАРОВА А.Ж.	Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі метафораларды салыстырмалы талдау (түпнұсқа және аударма нұсқалары негізінде)	158
АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., ДАУЫЛБАЙ М.	Әбіш Кекілбайдың «Ханша-дария» хикаясындағы Гүрбелжін бейнесі	171
АСАН Н.Б., ХАЛИКОВА Н.С.	Әлішер Рахаттың «Параллель» романының қазіргі қазақ прозасының дамуындағы орны	179
БАЙТУРИНА У.К.	Русский социализм Н.Г. Чернышевского и русская идея Ф.М. Достоевского	189

КӘРІМХАН З.Т., ӘУБӘКІРОВА Қ.Ә., ТОҚТАРБАЙ Е.Н. МАНСУРОВА Ә.Ж. ОРДА Г.Ж.	Қазақ әдебиетіндегі мемуаристика. Отыншы Әлжанұлы жазған қазанама естелік ретінде	199
НЕСИПБЕКОВА А.С., СМАГУЛОВ Ж.К.	Мағжан мен Сәкен: тұлғалар тұтастығы	216
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б., БІРЛЕСОВА Б.Б.	Қазақ әңгімелеріндегі бақсы сарыны	225
TASNEKOVA A.T., ZHURUSSOV N.K., SHARAUOV A.K	Ideological and thematic basis of children's folklore in the research of Bekmurat Uakhatov	238
ТУРСЫНХАНОВА Қ.Қ., МУКАЖАНОВА Р.М. *ХУСАИНОВА А.К.	Шәкәрімнің ақындық кітапханасы Түркі фольклорындағы «әйел» бейнесінің гендерлік аспектісі	249 260

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ /  
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ /  
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

JANDILDINOV M.K., ZHAPAROVA A.ZH., TUSSUPBEKOVA M. ZH.	The role of online resources in the process of english learning	270
КЕРІМБЕКОВА Б.Д. ОТАРБАЕВА Ғ.Н.	Әдебиет сабағында оқушылардың креативті ойлауын қалыптастыра отырып шығармашылыққа баулу жолдары	281
ҚУАНБАЕВА Ж.С., БАЙҒҰТОВА Д.Н., ИБРАГИМОВА У.Б.	Цифрлық білім беруде геймификация оқытудың жаңа тәсілі ретінде	291

А.Т. ИСПАНДИЯРОВА 

А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан  
(e-mail: [ispandyarova@mail.ru](mailto:ispandyarova@mail.ru))

## ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ КОГНИТИВТІ МЕТАФОРАНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

**Аңдатпа.** Метафора – басқа нәрсемен салыстыру арқылы идеяларды немесе тұжырымдарды білдіру үшін қолданылатын лингвистикалық құрал. Метафораны қолдану тарих бойы поэзияның дәйекті сипаты болды. Мақаламызда қазақ халық лирикасындағы когнитивтік метафораның семантикалық сипаты қарастырылған. Зерттеу нысанымызға алынып отырған Бабалар сөзі еңбегінде когнитивті метафораны айқындайтын тілдік бірліктердің ұлттық дүниетанымда берілгені аңғарылады. Бабалар сөзі еңбегінде метафоралардың қалай пайдаланғанын талдай отырып, зерттеушілердің адам миына тілді қалай өңдеп, қалай түсіндіретінін терең түсінуге мүмкіндік алады. Мақаламызда әдеби талдау, когнитивтік лингвистика сияқты әдістер қолданылды. Нәтижесінде қазақ лирикасындағы когнитивтік метафораның семантикасын зерттеу метафоралық ойлау мен және тілді пайдаланумен байланысты когнитивтік процестер туралы түсінік береді.

Мақаламыздың басты мақсаты - қазақ халық лирикасы тіліндегі когнитивтік метафораның семантикалық сипатын айқындау. Қазақ халқының болмысы мен тыныс-тіршілігін танытатын фреймдер талданды. Сонымен қатар, когнитивтік метафоралардың мағынасын ашатын сценарийлік және схемалық құрылымдар мен ойсурет арқылы берілуі анықталып, талданды. Тұрақты және индивидуалдық метафоралар, эпитетті және теңеулі метафоралар, когнитивтік метафоралар түрлері анықталып, мысалдар келтіріліп, талдаулар жасауға тырыстық.

Жұмыстың теориялық нәтижесін Когнитивтік лингвистика, Этнолингвистика, Лингвомәдениеттаным, Мәтін лингвистикасы сияқты курстарда пайдалануға болады. Сондай-ақ Стилистика және тіл мәдениеті, Көркем мәтінді лингвистикалық талдау пәндері бойынша өтетін тәжірибелік сабақтарда көмекші материал ретінде қолдануға болады.

**Түйін сөздер:** концепт, қазақ, лирика, тіл, метафора, фольклор, ұлт, дүниетаным.

**Кіріспе.** А.Байтұрсынов метафораны ғылыми тұрғыда талдаған. Ғалым Метафора сөздерді басқа мағынасында жұмсамайды. Ұқсастығы жоқ екі ұғым әсері бірдей болса, бірі-бірін ауыстырып тұрады. Ұқсастықтарды алмастырып сөзді басқаша айту -ауыстыру деген анықтама берген [1, 69].

Ғалым Қ.Жұмалиевтің пайымдауынша: «метафора ішкі және сыртқы сәйкестіктеріне қарап, бір затты екінші затқа ұқсату, екі заттың арасына теңдік белгісін ажырату» [2, 117].

Бүгінде терминтаным деректер мен құбылыстарды сипаттаумен ғана шектелмейді, сонымен қатар оларды нақты түсіндіруге тырысады. Когнитивті көзқарас дәстүрлі құрылымдық жүйеден бас тартып, дүниенің қарапайым және ғылыми бейнесінің өзара байланысын ұғынуға мүмкіндік береді. [3, 162]

Когнитивті метафоралар лингвомәдени компоненттен тұратын тікелей және жанама байланыста қолданылады [4].

Жұмысымызда қазақ халық лирикасындағы метафоралардың қолданылу аясын талдай отырып, олардың семантикалық сипатын ажыратуға тырыстық. Метафораларды



талдау барысында метафоралардың фразеологиялық тіркес ретінде көрініс тапқандығы анықталды. Жұмысымызда қазақ халық лирикасы тілін суретті, образды жеткізетін фразеологизмдер болса, солардың бірі метафоралы тіркестер екенін байқаймыз. Мысалы, **қу заман, жүзі гүл, ел бейнесі, зымиян заман т.б.** метафоралық тіркестер кездеседі.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Мақалада Бабалар сөзі еңбегіндегі қара өлең, тарихи өлең томдарындағы шығармаларының тіліне концептілік талдау жасалынды. Фольклорлық шығармалар тілінде ұлттың дүниетанымы, дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, болмысы көрініс тапқан. Жұмысымызда эпитетті және теңеулі метафоралар, когнитивті метафоралар түрлеріне талдау жасалынды. Талдау барысында сипаттау, жүйелеу, тұжырымдау әдіс-тәсілдері қолданылды.

**Талқылау мен бақылау.** Қу заман [5, 64] метафоралық тіркес арқылы заманның бұрыс жаққа өзгергендігін, жала жабу мен әділетсіздік жайын суреттейді. Халықтың зар жылап, жазықсыз жала жабылған аянышты күйін тарылған заман [5, 64] тіркесі арқылы бейнелейді. **Қу заман** метафоралық тіркесі тістей қатып қалған қақпан, қозыдай үйшік [5, 64] секілді теңеулер және қанды қақпан, сүйегін саудыратқан [5, 64] фразеологиялық тіркестер арқылы ашылған. **Қайтіп жұрт бола аламыз?** [5, 64] риторикалық сұрау арқылы халқымыз қашан әділ, кең заманда өмір сүріп, азат елге болудың жауабын іздегендей көрініс тапқандай.

Жұмысымызда заман тақырыбы суреттелгенде қазақ халқының тарихы, өмірі, салт-дәстүрі, болмысы тамаша сипатталғанын байқаймыз. Ел батырлары еліндегі заман өзгерістерін, бұрылысын халқынан бұрын танып, заман бағытын, өмір сүру салтын тамырдай дәл басып анықтай білген. Сырттан келген қатерді алдын ала сезе білген. Міне соның бір дәлелі ретін келесі өлең жолдарынан көре аламыз.

Қай заман мына заман, **қысқан заман,**

Бақ даулет басымыздан **ұшқан заман** [6, 151].

Қысқан заман, ұшқан заман деген метафоралық тіркес арқылы сол заманның ауыртпалығын, халықтың соқпалы қиын кезеңдерді басынан кешкен өмірін елестете аламыз.

А.Айғабылова ауыспалы ұғым тудыратын тілдік метафора, тұрақты және индивидуалдық метафоралар түрлерін атап көрсетеді. 1. Тілдік метафора - сөйлеу, жазу, әдеби шығараларда кездесетін халық тілінде қолданылады. 2. Тұрақты метафора - образдылығымен дараланатын ауыспалы ұғымдағы сөздер. Мысалы, қара алтын (көмір), сары алтын т.б. 3. Индивидуалдық метафоралар. Жалпы қолданысында жоқ, автордың өзіндік стиліне тән метафралар [7, 10].

Осы үш метафораның түрі Бабалар сөзі еңбегіндегі шығармаларда кеңінен қолданылған. Айықпайды аспан да сұр бұлттан,

Судай болып ағылды қып-қызыл қан.

**Зымияндық, зиянкес алуан түрлі**

**Шыққан заман суайт та, сұм да ұлықтан** [ 5, 43].

«Зымиян заман» фразеологиялық тіркесі арқылы зиянкес адамдардың іс-әрекеттерін бейнелейді. Заманға налығанымен, осы заманды құраушы адамға деген сынды да байқауға болады.

Дүние өте шығар бір соққан жел,

Ажалдан қала алмайды құтқарып ел.

Барында тіршіліктің күл де ойна,

**Қайғырып төге бермей көзінен сел** [8, 365]. Дүние соққан жел метафорасы өмірдің ауыртпалығын, ажалдың кез келген уақытта келетінін баяндай келе, осы тіршілікте көз жасыңды төге бермей барынша позитивпен өмір сүру керектігі суреттелген. Қайғырып төге бермей көзіңнен сел тұрақты тіркесі автордың даралық стилін көрсеткен тіркес.

Сыбанбаева А. Метафора тілдегі сөздердің лексикалық мағынасын кеңейтеді.

Фразеологизмдер, мақал-мәтелдер метафораға негізделген. Метафоралану сөздің мәнін молайтып, мағынасын дамытуға үлес қосады деген анықтама берген [9, 12].



Тауда өскен тау қазағы, тау саңылағы,  
Тұлғасы тұрып қалған тау салмағы.  
Шарықтап шарлап оймен, домбырамен,  
Қаулаған қасіретті тауыса алмады [5, 23].

**Тау қазағы, тау саңылағы** метафоралары кең далада еркін өскен қазақ халқының бейнесі танылған. Тау сөзі қайталануы арқылы өлең шумақтарына экспрессивтік мән үстеп тұр. **Қаулаған қасіретті тауыса алмады** тіркесі арқылы елдің ауыр жағдайы, жалпы қазақ ауылының қиын қыстау кезеңіндегі мүшкіл халі баяндалған.

**Құйын ғой өмір**, шіркін, шыр айналып,  
Күтеміз алдағысын, шыдай барып.  
Ағайын, ат ізін сал, мұңаймалық,  
Сары табан сағыныштың шырайға алып [5, 23].

Құйын ғой өмір ғой сөзі құйын өмір метафорасына лексикалық мағына үстесе, сары сағыныш тіркесіне табан сөзі тіркесіп окказионалдық фразеологизм қолданылған.

Дүние, өмір тақырыбында үлкен философиялық көзқарас пен халықтың тыныс-тіршілігін аңғаруға болады. Жоңғар шапқыншылығынан азап шеккен халыққа бір күн тар, бір күн кең дүние уақытша дүние болса да, сол тар заманда өмір сүруге, азаттық үшін күреске шақырған.

**Дүние бір күні кең, бір күні тар,**  
Көз жетпес алды, артың бір терең жар.  
Уақытша ортасында ойна да күл,

Бұл күні бұл күніңе боласың зар [8, 364]. **«Дүние бір күні кең, бір күні тар» метафорасы** авторлық окказионализммен беріліп, өлең жолдарына ерекше әр беріп тұр.

Жұмысымызда когнитивті метафоралардың қолданылуы кең өріс алған. Когнитивті метафоралардың қалыптасуы негізін ашуға тырысу өте күрделі сұрақ. Бұған әр түрлі факторлар негіз бола алады деген ойдамыз. Когнитивті метафоралардың пайда болуына халықтың өмір салты, ой санасының дамуы, өзге адамдармен араласу әсер етеді. Адам түйсігіндегі ойдың тіл арқылы шығуы, ақиқат дүниенің көрінісі, когнитивтік белгісі мен өмірдің ғылыми бейнесі секілді түсініктер когнитивтік метафоралар қалыптастыруға ықпал тигізеді деген ойдамыз

Оразалиева Э. пайымдауынша категория адам санасындағы ойы тіл арқылы баяндалған әрекеттерді, заттарды қасиеттеріне қарай жіктеп, әр түрлі әрекеттерін әр қилы формаларды объективті түрде класстарға, топтарға ұштастыру қажеттіліктерімен дамыту деген пікірін тұжырымдайды [10, 270].

Ғаламның тілдік көрінісінің негізгісі ақын, жазушылардың түйсігінде қалыптасқан ойын әрқалай әдістермен бейнелеу мүмкіндігі. Мысалы, жұмысымызда келесі когнитивті метафораны аңғаруға болады: дүние-қисық жол бұраңдаған [6, 364], алыс-жұлыс, дау-дамай қозған заман. [8, 264] т.б.

Ақындар адам санасын, дүниетанымын, тіршілігін, болмысын тіл арқылы бізге жеткізе білген. Тілдің құдіреті керемет. Қазіргі когнитологияның көрінісінде метафора негізгі ментальді операциялардың бірі болып табылады. Бұл әлемді тану, түсіндіру тәсілі. Когнитивті метафора арқылы басқа білім салалары байланысады. Мидағы ой бір жүйе. Адам түйсігіндегі ойды тіл арқылы сыртқа шығарады. Тіл қарым-қатынас құралы болғандықтан сөйлеудегі бейнелі, образды бейнелейді. Метафора күнделікті өмірде тілге ғана емес ойлау мен әрекет арқылы қалыптасады.

Әмірбекова А. Әлемнің танымдық көрінісін бейнесін көрсететін негіз – концептілік жүйе екенін айтады. Ғалым концептілік жүйенің ішкі және сыртқы құрылымдардан тұратынындығына тоқталып, ішкі құрылымдарға фрейм, сценарий, ойсурет, сызба, сыртқы құрылымдарға сөз, сөйлем, метафора, фразеологизм, тіркес, метонимия жатады деген анықтама берген. Когнитивтік модель арқылы ішкі құрылымдар құрылады және когнитивтік модель автор санасындағы символ, бейне, прототип, этикет, эталон, ассоциация, стереотиптік бірліктерімен құрылады деген тұжырымға келген [11, 28].

Ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып метафора қолданысына концептілік талдау жасауға тырыстық.

**Нәтижелер.** Метафоралардың фреймдік құрылымына да назар аударған жөн деп санадық. Зерттеу барысында мынандай фреймдік құрылымдар анықталды: тірлік бақыт, тозған заман, дүние-қызыл гүл, дүние-қисық жол бұраңдаған; т.б

**Тірлік бақыт.**

Дүниеде не бақыт? **Тірлік бақыт,**  
Тірліктен де болаттай бірлік бақыт.  
Ынтымағың еліңнің ойламасаң,

Астындағы кетеді сырғыт тақыт [8, 255]. Жауап алу мақсатында «Дүниеде не бақыт?» деген риторикалық сұрау арқылы **тірлік бақыт, бірлік бақыт** фреймдері ауызбіршілігі бар елде бірлік, тыныштық болатынын айта келіп, елдің ынтымағы болмаса астындағы тағыңнан да айрылатыны баяндалған. Астындағы кетеді сырғыт тақыт ойсурет құрылымы түрінде берілген. Сырғыт тақыт фреймі биліктен, орнына айырылу деген мағынаны үстейді.

**Тозған заман.** Қазақ халық лирикасында **тозған заман** фреймі бірін-бірі алдаған заманнан көрініс берген. Халықтың ауыр тұрмысы, психологиялық күйі, қиындықтармен алысқан жағдайы, адамдардың бір біріне бейжайлылығы, қайырымсыздығы, бірін бірі алдауы, бір біріне опасыздық жасауы тозған заман, алыс-жұлыс заман, дау дамай қозған заман, озған заман [8, 264] секілді фреймдік құрылымдар арқылы ашылған. Қу құтырып, ептілер екі асап [8, 264] сценарийлік құрылым адамдардың арам пиғыл істері мен сараңдық, айлакерлік, немқұрайлылық, рақымсыздық қасиеттері суреттелген.

**Дүние-қызыл гүл.** Адам өмірінде жақсылық пен жамандық, бақыт пен қайғы, адалдық пен опасыздық бірге жүретіні белгілі. Мұндай қарама қайшылықтардан ешкім шет қалмады. Өйткені бұл өмір заңдылығы. Адам өмірінде жақсылық, бақыт, адал қадамдар болып жатса соған шаттанып ләззат алып жатады. Ал жамандық, қайғы, адамдардың бір біріне опасыз жасаған әрекеттерін көріп көңілі түсіп мұңаяды. Сол бір сәтте берілген бақытты да мұңды да адам көтере білу керек және бағалай білу керек. Фольклор тілінде дүние қызыл гүл метафорасы өмірдің сәтті, бақытқа толы кезеңінен көрініс берсе, дүние бір жар, үгіліп тұр құлағалы, бір күні толып, бір күні суалады [8, 362] деген ойсурет арқылы дүниеде қуаныш пен қайғы, бақыт пен мұң бірге жүретіні баяндалған. Өскен бір қызыл гүл қой дүние [8, 362] «қой» сөзі дүние-қызыл гүл метафорасына лексикалық мағына үстеп тұр.

**Дүние бір қисық жол бұраңдаған.** Өмір судың ағысы секілді еш уақытта бір орында тұра алмайды. «Бір қисық жол бұраңдаған» фреймімен өмірдің әрқилы жағдайын суреттей білген. Өмір шоқалақ жолдай қиындықтарға, жақсылықтар мен жамандықтарға, қуаныш пен қайғыға толы. «Дүниені қисық жол бұраңдаған» фреймі арқылы адамның төзімділігін де суреттегендей.

Қай кезде қандай қиын болса дағы,  
Болмаған шығар әсте бұдан жаман [8, 365].

**Дүние-жалған.**

Дүние баяны жоқ бұл **бір жалған,**  
Бұл дәурен бұрынғыдай бізге қалған.  
Барында оралыңның ойна да күл,  
Бүйтіп кез келе бермес көңілге алған [8, 362].

**Дүние жалған** фреймі арқылы өмірде болатын жалғандық, өтірік, арамдық сияқты жағымсыз қасиеттер айта келе бұл қасиеттер адам өмірін баянды етпейді деп түйінделген. Жақсы күндерге қанағат етіп, барынша өмірдің қызығын көру, шынайы болуға үндегендей.

Келесі өлең жолдарынан «дүние жалған» фреймі арқылы өмірдің алдамшы екенін баяндай келе бай да, патша да, батыр да өз ғұмырын кешіп о дүниелік болатынын «жер бесікке» ойсуреті арқылы ашылған.

**Дүние негізінен жалған екен,**  
Алданып шын де әркім қалған екен.

Бай болсын, патша болсын, батыр болсын,  
Бәрін де жер бесікке салған екен [8, 364].

**Тіршілік -жанып тұрған шоқ.**

Дүние- жалған бір боқ екенсің,  
Тіршілік -жанып тұрған шоқ екенсің  
Зымырап ә дегенде өте шығып,  
Тиетін көрінбей кеп оқ екенсің [8, 364].

Тіршілік жанып тұрған шоқ деп өмірге біреулер келіп, біреулер кетіп жатса да дүние ол мәңгі. Себебі әр адамның артынан ұрпағын жалғастыратын тұяғы қалары хақ. Бұл мысалда шырағы сөнбесін деген стейоритипті байқауға болады.

Тиетін көрінбей кеп оқ екенсің деген ойсурет арқылы адамдардың жағымсыз қасиеттері баяндалаған. Адамдар өмірде өздері бірін-бірі жаман әрекеттерімен, сөздерімен жаралап жатқандарын байқамай жатады. Айтқан сөз атылған оқ деген нақыл сөзбен осы мысалды түйіндеуге болады.

**Сары жазық.**

Алпыс күн атан болып жай жүргенше,  
Алты күн бура болып бұрқылдайық [8, 277].

Сары жазық фреймі арқылы ауылдың тыныс-тіршілігі суреттелген. Болады қырда киік, суда балық [6, 277 б.] сценарийлік құрылымы мен «алты күн бура болып бұрқылдайық» ойсуреті толықтай туған жердің көрінісін көз алдымызға әкеледі.

**Жапан дала.**

Фольклор тілінде жапан дала [5, 11] фреймі дала жазық, түз дала, сырт, таулы беткей, жазық дала, таса жер деген сөз және сөз тіркестерімен сабақтасып жатады. Жапан дала оқиғалардың, әрекеттердің өзгеруіне байланысты әрқилы бейнеде суреттелген. Бірде елі жоқ, жері жоқ қазақ еліне пана бола білген қорған жер,, бірде ұрыс алаңы, бірде еркіндік пен тыныштықты сезінген жаны жай табатын туған жері ретінде баяндалған. Қорған іздеген батырларымыз туған жерден қаншама мәрте баспана таба білген. Өз жерінің әр жерінің сырын білген батырларымыз сол аймақтарды паналап, жауына қарсы шабуыл жасау айдаларын іске асыра білген. Жапан дала – таулы беткей, жазық, ел қоныстанбаған жерді бейнелеген.

**Білім қымбат.**

Дүниеде не қымбат? [12, 282] реторикалық сұраққа жастарға жол бағыттайтын білімнің қымбаттығы білім қымбат фреймі арқылы ашылған. Білімді жастар көп болса көңілі тоқ болатыны баяндалады. Әр істің бастамасы білімде екендігі, білімсіз адамның өмірі қараңғы екендігі, Бойына ілімді сіңіріп өскен балғын ұрпақтың болашағы жарқын, елінің келешегі зор болатыны айтылған. Сондықтан білім дүниедегі қымбат, асыл қазынаға теңейміз. Тұлғаның бойындағы біткен ең күшті қару екендігін білеміз. Осы мысалда да білім әр істі ымдап жол сілтеп тұратын бағдаршам сияқты екендігі баяндалған.

Келесі мысалда сценарийлік құрылым жасалған. Дүниені сөз еткенде үлкен философиялық көзқарасты аңғарамыз. **Бұл дүниеден ақ та, қара да, сары да өткен-** ауыспалы мағынада қолданылып, өлең жолдарына тамаша реңк берген.

Жас та өткен бұл дүниеден, кәрі де өткен,

Ақ та өткен, қара да өткен, сары да өткен.

Барында оралыңның ойна да күл,

Хан, дана, қожа, молда бәрі де өткен [8, 363]. Осы дүниеде адамдар уақытша болатыны, барлығы қонақ екенін «хан, дана, қожа, молда бәрі де өткен» ойсуреті арқылы баяндалған.

Келесі өлең жолдарынан **Дүние құс па жалған?** реторикалық сұраққа өмірдің қысқа жалған, ұшпа жалған деген жауап қайтаруы арқылы дүниенің көзді ашып жұмғанша тез өтетіні, құстай ұшып зымырап шығатыны баяндалған. Ұшпа жалған, құс па жалған, қысқа жалған арқылы сценарийлік құрылым жасалған.

Барасың қайда асығып **ұшпа жалған,**

Әуеде ұшып жүрген **құс па жалған?**

Барында оралынның ойна да күл,  
Кетеді әлі ақ өтіп **қысқа жалған** [8, 366].

Шабыспен өткен дүниенің баянсыздығы аяғы боқ теңелуі арқылы схемалық құрылым берілген.

Дүние өзі жақсы, баяны жоқ,  
Жүйріктің шабысы бар, аяңы жоқ.  
Мысалы бір нәрсенің бәрі сондай,  
Өмірдің басы **жағы бал, аяғы боқ** [8, 363].

Дүние соққан жел метафорасы өмірдің ауыртпалығын, ажалдың кез келген уақытта келетінін баяндай келе, осы тіршілікте көз жасыңды төге бермей барынша позитивпен өмір сүру керектігі суреттелген. Қайғырып төге бермей көзіңнен сел [6, 365] тұрақты тіркесі автордың даралық стилін көрсеткен тіркес.

Өмір-соққан желдей [8, 39] метафоралық теңеу арқылы өмірді желге теңеп, адам өмірі қамшының сабындай тым қысқа екендігі баяндалған. Дүниеде жүрмейсің ақыр өлмей ойсурет арқылы еш адам мәңгі еместігі түйінделген.

Зар қылар қайтып келмей фразеологиялық тіркес уақыттың еш уақытта кері қайтарылмайтындығы, адам өз уақытымен өмір сүріп, ойнап-күліп, өмірдің рақатын көріп, бағалап, жері, еліне пайда әкелу керек деген ой түйіндеп отырмыз.

Қазақ фольклорлық мәтіндерінде метафоралық қолданыстағы сөздер сөз тіркестер, фразеологиялық тіркестер, фрейм, схема, ойсурет, сценарийлік құрылымдар арқылы көрініс тапқан. Зерттеу барысында қазақ халқының дүниетанымы, тіршілігі, болмысы когнитивті метафоралар арқылы ашылғанын байқаймыз. Метафоралардың семантикалық мағыналарын когнитивтік жүйенің ішкі және сыртқы құрылымдарымен талдауға тырыстық. Және төмендегі мағыналық белгілерін атап кеткенді жөн көрдік.

**Қолаң шаш** – сұлулық, әдемілік белгісі.

**Алмас қылыш** -күш, батылдық,еліне қамқор бола алатын батыр

**Құмай тазы** – адалдық, қамқорлық, достық

**Батыр** -қанын шашу; аш бөрідей; ту ұстап, тұлпар мінген қолбасы; қан болып аттан түскен; елге сіңген еңбегі.

**Ұрыс алаңы** - тұқым қалмай жалғыз келген: жердің үсті үрейленген; дүшпанының басын жеген; қалмақ қанын судай шашты [5, 86].

**Құба қалмақ заманы** [13, 302] - сол замандарда өмір сүрген Олжабай, Қабанбай, Бөгенбай батырлардың жауға қарсы тойтарыс берген шайқастары, олардың ерліктері құба қалмақ заманы деген метафоралық тіркес сценарийлік құрылым ретінде берілген.

**Қорытынды.** Жоғарыдағы метафоралар қазақ фольклорлық мәтіндерінде ұсынылған белгілерді бейнелейді және әртүрлі белгілер мәдени және моральдық құндылықтарды беруде маңызды элементтер ретінде қалай қызмет ететінін көрсетеді.

Қазақ фольклорлық мәтіндеріндегі белгілерді талдау белгілердің мәдени құндылықтарды білдіріп қана қоймай, ұрпақтар арасындағы байланыстырушы буын ретінде қызмет ететінін көрсетеді. Әрбір белгі тек әңгіме элементі ғана емес, сонымен бірге халықтың жеке басын сақтауға көмектесетін әлем туралы терең философиялық идеялар мен дәстүрлі идеялардың көрінісі.

Қорытындылай келе, Бабалар сөзі еңбегіндегі шығармаларда метафора өрісі ауқымды. Тұрақты және индивидуалдық метафоралар, эпитетті және теңеулі метафоралар, когнитивті метафоралар түрлері анықталып, мысалдар келтіріліп, талдаулар жасалынды. Талдау барысында тірлік бақыт, тозған заман,дүние-қызыл гүл, дүние-қисық жол бұраңдаған;сары жазық, жапан дала, білім қымбат, дүние-қызыл гүл т.б. фреймдер анықталды.

Тұратын барлық істі білім ымдап; болады қырда киік, суда балық; ұшпа жалған, құс па жалған, қысқа жалған т.б. сценарийлік құрылым, қу құтырып, ептілер екі асап, алаяқтар айламен озған заман схемалық құрылым айқындалды. Сонымен қатар метафоралардың ойсурет арқылы берілуі де анықталды. Мысалы: алты күн бура болып бұрқылдайық; хан,

дана, қожа, молда бәрі де өткен; алты күн бура болып бұрқылдайық; астындағы кетеді сырғыт тақыт; дүние бір жар, үгіліп тұр құлағалы, бір күні толып, бір күні суалады; жер бесікке.

### Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 318 б.
2. Жұмағалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 243 б.
3. Хасанғалиева Б.К., Исакова С.С., Әлімбек Г.Р. Когнитивтік терминтанымның негізгі ұстанымдары // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. - 2023. - №4 - Б. 162-175. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.11>
4. Ospanova Zh., Tolybayeva K., Nurkenova S., Duisekova K., Baltabayeva G. Lingua and culture study research on indirect communication cognitive metaphor // XLinguae – 2020. – V.13. – Iss.2. – pp. 157-165. DOI: 10.18355/XL.2020.13.02.13, [http://www.xlinguae.eu/2020\\_13\\_02\\_13.html](http://www.xlinguae.eu/2020_13_02_13.html)
5. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т 28: Тарихи жырлар. – Астана: Фолиант, 2006. – 378 б.
6. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т 61: Тарихи жырлар. – Астана: Фолиант, 2010. – 448 б.
7. Айғабылова А. Қазақ тілі стилистикасы. – Алматы: Мектеп, 1998. – 64 б.
8. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т.70: Қара өлең. – Астана: Фолиант, 2011. – 504 б.
9. Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2002. – 154 б.
10. Оразалиева Ә. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: Ан Арыс, 2007. – 321 б.
11. Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М.Мақатаев шығармалары бойынша). Филол.ғыл.канд. ... дисс. – Алматы: 2006.
12. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т 28: Тарихи жырлар. – Астана: Фолиант, 2006. – 378 б.
13. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т 71: Қара өлең. – Астана: Фолиант, 2011. – 416 б.

### А.Т.ИСПАНДИЯРОВА

Костанайский региональный университет имени А. Байтұрсынұлы, Костанай, Казахстан

### СЕМАНТИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР КОГНИТИВНОЙ МЕТАФОРЫ В КАЗАХСКОЙ НАРОДНОЙ ЛИРИКЕ

**Аннотация.** Метафора – лингвистический инструмент, используемый для выражения идей или концепций через сравнение. Использование метафоры было особенной чертой поэзии на протяжении всей истории. В нашей статье рассматривается семантический характер когнитивной метафоры в казахской народной лирике. В работе «Слово предков», которая является объектом исследования, подчеркивается, что языковые единицы, определяющие когнитивную метафору, заложены в национальном мировоззрении. Проанализированы, как метафоры использовались в работе «Слово предков». Исследователи получают возможность глубокого понимания того, как человеческий мозг обрабатывает и интерпретирует язык. В статье использованы такие методы, как литературный анализ, методы когнитивной лингвистики.

Изучение семантики когнитивной метафоры в казахской лирике дает представление о когнитивных процессах, связанных с метафорическим мышлением и использованием языка.

Основная цель нашей статьи – выявить семантический характер когнитивной метафоры в языке казахской народной лирики. Проанализированы фреймы, отражающие бытие и жизнедеятельность казахского народа. Была выявлена и проанализирована передача когнитивных метафор через сценарные и схематические структуры и образы, раскрывающие их значение. Определены типы устойчивых и индивидуализированных метафор, эпитетных и сравнительных метафор, когнитивных метафор, приведены и проанализированы примеры.

Теоретические результаты работы могут быть использованы в таких дисциплинах, как «Когнитивная лингвистика», «Этнолингвистика», «Языкознание», «Языкознание текста». Результаты работы также можно использовать как вспомогательный материал на практических



занятиях по предметам «Стилистика и языковая культура», «Лингвистический анализ художественного текста».

**Ключевые слова:** концепт, казах, лирика, язык, метафора, фольклор, нация, мировоззрение.

**A. T. ISPANDIYAROVA**

A. Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan

## THE SEMANTIC NATURE OF COGNITIVE METAPHOR IN KAZAKH FOLK LYRICS

**Annotation.** A metaphor is a linguistic tool used to express ideas or concepts through comparison with something else. The use of metaphor has been a consistent feature of poetry throughout history. Our article examines the semantic nature of cognitive metaphor in Kazakh folk lyrics. In the work *The Word of Ancestors*, which serves as the object of this research, it is emphasized that the linguistic units defining the cognitive metaphor are embedded in the national worldview. Analyzed how metaphors were used in the work “*The Word of Ancestors*”, researchers gain a deep understanding of how the human brain processes and interprets language. Our article employs methods such as literary analysis and cognitive linguistics.

As a result, the study of the semantics of cognitive metaphor in Kazakh lyrics gives an idea of the cognitive processes associated with metaphorical thinking and the use of language.

The main purpose of our article is to identify the semantic nature of cognitive metaphor in the language of Kazakh folk lyrics. The frames reflecting the existence and vital activity of the Kazakh people are analyzed. In addition, the transfer of cognitive metaphors through scenario and schematic structures and images revealing their meaning was identified and analyzed. The types of stable and individualized metaphors, epithet and comparative metaphors, cognitive metaphors were identified, examples were given and we tried to analyze them.

The theoretical results of the work can be used in such courses as Cognitive Linguistics, Ethnolinguistics, Linguistics, Text Linguistics. It can also be used as an auxiliary material for practical classes on the subjects of “*Stylistics and linguistic culture*”, linguistic analysis of a literary text.

**Keywords:** concept, kazakh, lyrics, language, metaphor, folklore, nation, worldview.

## References

1. Baitursynov A. *Shyǵarmalary*. – Almaty: Jazyshy, 1989. – 318 b.
2. Jumagaliev Q. *Ádebiyet teoriasy*. – Almaty: Mektep, 1969 – 243 b.
3. Khasangalieva B. K., Isakova S. S., Alimbek g. R. praecipua praescripta termini cognitivi // Bulletin L. N. Gumilev Instituti Humanitarii Eurasiani. Series philologiae. – 2023. - № 4- pp. 162-175. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.11>
4. Ospanova Zh., Tolybayeva K., Nurkenova S., Duisekova K., Baltabayeva G. *Lingua and culture study research on indirect communication cognitive metaphor // XLinguae –2020. –V.13.-Iss.2. –pp. 157-165. DOI: 10.18355/XL.2020.13.02.13, [http://www.xlinguae.eu/2020\\_13\\_02\\_13.html](http://www.xlinguae.eu/2020_13_02_13.html)*
5. Babalar sözi: Jüztomdyq. T 28: Tarihi jyrlar. – Astana: Foliant, 2006. – 378 b.
6. Babalar sözi: Jüztomdyq. T 61: Tarihi jyrlar. – Astana: Foliant, 2010. – 448 b.
7. Aıǵabylova A. *Qazaq tili stilisikasy*. – Almaty: Mektep, 1998. – 64 b.
8. Babalar sözi: Jüztomdyq. T 71: Qara öleñ. – Astana: Foliant, 2011. – 504 p.
9. Sybanbaeva A. *Metaforanyń tildik bolmysy jáne konseptýaldy metaforalar*. – Almaty: Qazaq un-ti, 2002. – 154 b.
10. Orazalieva E. *Kognitivtik lingvisika: qalyptasýy men damýy*. – Almaty: An Arys, 2007. – 321 b.
11. Ámirbekova A.B. *Konseptilik qurylymdardyń poetikalıyq mátindegi verbaldaný ereksheligi (M. Maqataev shyǵarmalary boıynsha)*. Filol. ǵyl.kand. .... diss. - Almaty, 2006.
12. Babalar sözi: Jüztomdyq. T 28: Tarihi jyrlar. – Astana: Foliant, 2006. – 378 b.
13. Babalar sözi: Jüztomdyq. T 70: Qara öleñ. – Astana: Foliant, 2011. – 416 b.



**Автор туралы мәлімет:**

**Испандиярова Айнұр Төлегенқызы** – А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің докторанты, Қостанай, Қазақстан.

**Испандиярова Айнұр Тюлюгеновна** – докторант Костанайского регионального университета имени А. Байтұрсынұлы, Костанай, Казахстан.

**Ispandiyarova Ainur Tyulyugenovna** – doctoral student A.Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan.